Қосымша 5
қоғамдық тыңдаулар
ережелеріне

Ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

«ҚазТрансОйл» АҚ Манғыстау МҚБ «Солтүстік Бозашы» МАС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Таушық ауылдық әкім аппараты» ММ**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«ҚазТрансОйл» АҚ Манғыстау МҚБ «Солтүстік Бозашы» МАС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы

(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

ҚР ЭГТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері:

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, «Солтүстік Бозашы» МАС Географиялық координаты 45°10'0,611"с.ш., 51°39'7,506"в.д.

(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне ұшыраған барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы

(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы, Ақтау қаласы, 8 шағын аудан, 38б ғимарат, БСН 970540000107, телефон : 8-7292-479-351, 331,833, 8-701-299-95-10 Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, https://kaztransoil.kz/

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық поштасы, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«ҚазТрансОйл» АҚ «Зерттеулер және әзірлемелер орталығы» Филиалы Астана қ., БСН 000941000473, тел. 87078099491, J.Zhakanova@kaztransoil.kz

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық поштасы, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

2026 жылғы 29 қазандағы Таушық ауылы әкімдігі аппаратының №04-07-367 хаты негізінде қоғамдық тыңдаулар белгіленген тәртіпке сәйкес 2026 жылғы 29 қазаннан 2026 жылғы 2 қарашаға ауыстырылды (хат қоса беріледі).

2026 жылғы 2 қараша қатысушыларды тіркеу уақыты 10:45, қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты 11:00, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, Х. Елмұханбетов көшесі № 6 әкімшілік ғимаратында

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

(қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі)

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде: **https://ndbecology.gov.kz/** цифрлық платформада.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында https://www.gov.kz/org/mangystau-eco/documents/details/1072602?lang=kk https://us05web.zoom.us/j/4444149693?pwd=v4iF1bPzrhLZvLoCrsnqxcfKwZeci1.1 Идентификатор конференции: 444 414 9693 Код доступа: 69xirU

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

МАҢҒЫСТАУ №80-10587 22.09.2026

ОГНИ Мангистау №101-13370 22.09.2026

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

MANGYSTAU TV 21-23.09.2026 ж.

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және арнайы хабарландыру орналастыруға арналған орындарда 2 хабарландыру санында:

«Таушық ауылдық әкім аппараты» ММ

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшыны таңдау туралы:

«қарсы емес» - 7

«қарсы» - 0

«қалыс қалғандар» - 0

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың «қарсы емес», «қарсы», «қалыс қалғандар» санын көрсету)

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылар бірауыздан регламентті бекітті.

Регламентті бекіту:

«қарсы емес» - 7

«қарсы» - 0

«қалыс қалғандар» - 0

(регламентті бекіту туралы Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың «қарсы емес», «қарсы», «қалыс қалғандар» санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Жаканова Женисгул Казтугановна – «ҚазТрансОйл» АҚ «Зерттеулер мен әзірлемелер орталығы» филиалының табиғатты қорғау жобалау және нормалау бөлімінің жетекші мамандары.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

«ҚазТрансОйл» АҚ Манғыстау МҚБ «Солтүстік Бозашы» МАС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы. Баяндама – 17 бет, слайд – 17 бет.

(баяндама тақырыбы, беттер, слайдтар, файлдар, плакаттар, сызбалар саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіндері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Жалғанды**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Жоқ

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:
Бақтыбаев Нұржан Бақтыбайұлы - Таушық ауылдық округінің әкімі

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

«03» 11 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:
Караджаев Арманбек Базарбекович – «ҚазТрансОйл» АҚ Манғыстау МҚБ ЕжҚОҚБ инженер-экологі

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

«03» 11 2026 ж.

Қосымша

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (тегі, қатысушының аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын тұлғаның атауы ұйымдастыру)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (тегі, жауап берушінің аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын тұлғаның атауы ұйымдастыру)	Ескерту (алынып тасталған / алынбаған ескерту немесе ұсыныс, қатысы жоқ)
1	Объектіде пайда болған қалдықтарды кім алып кетеді? Қалдықтардың қайда алып кететіндігін қадағалайсыздар ма? (Бақтыбаев Н. Б. - Таушық ауылдық округінің әкімі)	Объектіде пайда болған қалдықтарды тиісті лицензиялары, рұқсат құжаттары және басқа да қажетті құжаттары бар мамандандырылған мердігер ұйымдар алып кетеді. Иә, қалдықтардың қайда алып кететінін бақылап отырамыз. (Караджаев А.Б.)	Алынып тасталған
2	Ауыл тұрғындарын мердігер ұйымның бос жұмыс орындарына орналастыруға жәрдемдесу, «Таза Қазақстан» акциясы аясында, оның ішінде киелі және туристік нысандардың аумақтарында сенбіліктер ұйымдастыру және арнайы техника бөлу мәселелерін қарастыруыңызды сұраймыз. Сонымен қатар, бюджетті бекіту мерзімі мен әлеуметтік көмек көрсетуге арналған қаражаттың қарастырылуы туралы ақпарат беріп, ауыл аумағында балалар ойын алаңын салу және көгалдандыру жұмыстарына арналған шығындарды бюджетке енгізу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз. (Бақтыбаев Н. Б. - Таушық ауылдық округінің әкімі)	Көтерілген мәселелер басшылықтың назарына жеткізілетін болады. Сонымен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы бойынша 2026–2030 жылдарға арналған бекітілген бюджетте «Демеушілік көмек» бабы бойынша (демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету) ақшалай қаражат көзделмегенін хабарлаймыз. Сонымен бірге, Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып табылады және заңды тұлғаның қаражатына билік етуге құқығы жоқ. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 126 шешімімен Қордың Қайырымдылық саясаты және Қордың Қайырымдылық бағдарламасы бекітілген. Қордың Қайырымдылық саясатына сәйкес, Қор компаниялар тобының барлық қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.	Ескерту немесе ұсыныс, қатысы жоқ

Қоғамдық тыңдауларды
өткізу қағидаларына
6-қосымша

2026 жылғы 2 қараша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдауларды өткізу регламенті

Қоғамдық тыңдаулар қатысушыларын тіркеу – 10:45 – 11:00 сағ.
Қоғамдық тыңдаулардың келісілген уақытта ашылуы – 11:00 – 11:05 сағ.
Баяндамашылардың сөз сөйлеуі (ұзақтығы әр нақты жағдайда жеке белгіленеді) – 11:05 – 11:15 сағ.
Баяндамаларды талқылау (ұзақтығы әр нақты жағдайда жеке белгіленеді) – 11:15 – 11:20 сағ.
Баяндамалар бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Өз кезегінде баяндамашылар қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді – жоқ.
Қоғамдық тыңдаулардың қорытындысын шығару (ұзақтығы әр нақты жағдайда жеке белгіленеді) – 11:20 – 12:00 сағ.

Қоғамдық тыңдауларды
өткізу қағидаларына
4-қосымша

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Бауытбаев Н	Ауыл жителі	87013143810	жеке	
2	Ізбасова С.	ауыл тұрғыны	8707617 0095	жеке	
3	Қарақұлова Г.	ауыл тұрғыны	87018199353	жеке	
4	Жовалева Н.	аға инженер	87013682922	жеке	
5	Қоңқашбаев А.	инженер-эколог	87011576167	жеке	
6	Ұлтаев Ш.Ж	инженер	87756605450	жеке	
7	Бағарбай С.	УПРиРП		онлайн	

Хабарландыру

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау МҚБ 2026 жылғы 29 қазан 11 сағат 00 минутта «Солтүстік Бозашы» МАС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау Түпқараған ауданы, Таушық ауылында Х. Елмұханбетов көшесі № 6 әкімшілік ғимаратында өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco сайттарында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар g.tulembet@mangystau.gov.kz электронды мекенжай және https://ndbecology.gov.kz/ сайт бойынша қабылданады.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Ақтау қ., 8 ш/а, 38 Б ғимарат мекенжайы бойынша және 8(7292)479-351,479-331,479-833 телефондары, Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, Karadzhaev-A@kaztransoil.kz электронды мекенжай бойынша алуға болады.

Объявление

Мангистауское нефтепроводное управление АО «КазТрансОйл» сообщает, что в 11 час 00 мин. 29 октября 2026 года по адресу Тупкараганский район, село Таучик улица Х.Елмуханбетова в административном здании акимата № 6 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту нормативов допустимых выбросов НПС «Северные Бузачи».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайтах: https://ndbecology.gov.kz/ и https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco.

Все замечания и/или предложения принимаются по электронному адресу g.tulembet@mangystau.gov.kz и на сайте https://ndbecology.gov.kz.

В случае введения ограничительных мероприятий общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco.

Дополнительную информацию можно получить у инициатора по адресу г. Актау, мкр 8, зд. 38 Б и по телефонам 8(7292)479-351,479-331,479-833, по эл.адресу Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, Karadzhaev-A@kaztransoil.kz.


2026/09/21 16:08


АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТА













2026/09/21 16:08

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№80 (10587) 22 ҚЫРКҮЙЕК, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЖАСТАРМЕН ЖӘНЕ ЭКОБЕЛСЕНДІЛЕРМЕН БІРГЕ ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫНЫҢ АУМАҒЫНДА АҒАШ ЕКТІ.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына қатысушылар алдында сөз сөйледі. Президент аталған іс-шараға белсене атсалысып келе жатқан азаматтарға шынайы ризашылығын білдірді.

– Мен осындай игі іске өз үлесін қосып жүрген жастарды нағыз отаншыл азамат деп санаймын. Себебі Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік өз үйіңнен, өз ауылың мен қалаңнан басталады. Халқымызда «Бір тал кессең, он тал ек» деген сөз бар. Өнегелі сөз деп айтсақ, артық болмас. Табиғатты аялау, қоршаған ортаға қамқор көзбен қарау – ұлтымыздың болмысында бар асыл қасиет. Бұл – бабаларымыздың бізге қалдырған өсиеті әрі аманаты. Ал жаңа Конституциямыз бойынша осы көзқарас пен іс-шаралар азаматтық міндет болып саналады. Сондықтан біз жаппай бір ел болып бастаған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының қоғамдық және тарихи мәні айрықша. Біз экологиялық мәдениеті жоғары ел болуымыз керек. Тағы да атап өтейін: бұл – мемлекетіміздің Конституциясында айқындалған аса маңызды міндет. «Таза Қазақстан» – жарқын болашағымыздың кепілі. Бұл – жай ғана ұран емес, бұл – шын мәнінде, еліміздің тазалығы өркениетті болашаққа апаратын даңғыл жол деген сөз, – деді Мемлекет басшысы.

Іс-шара барысында Президент жауапты мемлекеттік органдар басшыларының есебін тыңдады.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек елорданы кешенді түрде көріктендіру мен көгалдандыру жұмыстары туралы баяндады. Шаһар басшысының айтуынша, соңғы жылдары Астанада 500-ге жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды, жыл соңына дейін 170-тен астам аула мен қоғамдық орын, соның ішінде парктер, гүлзарлар мен бульварлар ретке келтіріледі.

Мемлекет басшысына Есіл өзенінің бойында қоғамдық және рекреациялық кеңістіктердің бірыңғай жүйесі қалыптасып келе жатқаны туралы мәлімет берілді. Осы жұмыстар аясында қаланың түрлі бөлігіндегі парктер, серуен және спорт аумақтары тұтас жасыл белдеуге біріктіріледі.

Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы жүзеге асырыла бастаған кезден бері 2 мыңнан астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын баяндады. Оның аясында 3,8 миллион тонна қоқыс жиналып, 10 мыңдай қоқыс төгетін орын жойылған.

Президент саябағынан кейін Мемлекет басшысы «Мыңжылдық» аллеясы мен Greenline желілік паркінің екінші кезеңіндегі абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Президент Астана әкімі Жеңіс Қасымбекке ғимараттардың қабырғасына граффити салатын адамдарға қатысты қатаң шара қолдануды тапсырды. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздің қалаларында бұған жол бермеу керек, сондай-ақ әлемде вандализм мен бұзақылықтың сорақы көрінісі саналатын, қоғамдық орындарды бүлдіретін «шығармашылықтың» мұндай түріне толық тыйым салатын заңдық-нормативтік шаралар қабылдаған жөн.

AKORDA.KZ





ШАһАР ШЫРАЙЫ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЖАҢА АУМАҚТЫ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ. «BS ARENA» МАҢЫНДАҒЫ ЖАҢА КӨШЕ БОЙЫНДА БОЛАШАҚ ЖАСЫЛ АЛЛЕЯНЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНЫП, 100 ТҮП КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ШАРАҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ӨКІЛДЕРІ, ЖАСТАР, ЕРІКТІЛЕР ЖӘНЕ ЭКОБЕЛСЕНДІЛЕР ҚАТЫСТЫ.

Зухра ӘБДІЛ-САТТАР

ЖАҢА АЛЛЕЯНЫҢ ІРГЕСІ ҚАЛАНДЫ

Негізгі жұмыстар Ақтау қаласының 39-шағынауданындағы «BS Arena» аумағында жүргізілді. Жаңа көше бойына 50 түп үйеңкі және 50 түп гибискус отырғызылды. Қатысушылар көшеттерге су құйып, аумақты абаттандыру жұмыстарына атсалысты.

Жаңа аумақта жасыл аллеяның қалыптасуы қала тұрғындары үшін жайлы қоғамдық кеңістік құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Каспий теңізінің жағалауында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді. Акцияға қатысушылар қоқыстарды жинап, жағалау аумағын тазалап, ретке келтірді.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай «Таза Қазақстан» акциясы бір реттік шара емес, елді мекендерді абаттандыру мен қоршаған ортаға жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев экология, елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру мәселелеріне ерекше көңіл бөліп келеді. «Таза Қазақстан» халықты тазалық, тәртіп және туған жерге деген қамқорлықты нақты істер арқылы көрсетуге үндейді. Бүгін біз жай ғана көшет отырғызып жатқан жоқпыз. Қала тұрғындары пайдаланатын жайлы қоғамдық кеңістіктің негізін қалап жатырмыз. Мұндай жауапкершілік әрқайсымыздың күнделікті мәдениетіміздің бір бөлігіне айналуы маңызды,– деді облыс әкімі.

Жыл басынан бері Маңғыстау облысында «Таза Қазақстан» акциясы аясында аумақтарды санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Экологиялық іс-шараларға 185 мыңнан астам адам қатысып, 3 600-ге жуық арнайы техника жұмылдырылды. 14 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Облыс аумағында өткен түрлі экологиялық іс-шараларға 10 мыңға жуық адам қатысты. Көгалдандыру жұмыстары барысында 500-ге жуық ағаш көшеті отырғызылды.

ТАЗА ҚАЛА – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Маңғыстау облысында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «World Cleanup Day» халықаралық тазалық күніне арналған сенбілік өтті. «Самал-1» шағынауданынан амфитеатрға дейінгі аралықта тазалық жұмыстары жүргізілді.

Экологиялық іс-шараны облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы ұйымдастырды. Экологиялық акцияның негізгі мақсаты – қоршаған ортаның тазалығын сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатты қорғауға қоғамның белсенді қатысуын арттыру. Сенбілікке облыс бойынша 10 мыңға жуық адам қатысты. Олардың қатарында тұрғындар, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, еріктілер мен қоғамдық ұйым өкілдері бар. Қатысушылар белгіленген аумақтарды қоқыстан тазартып, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына атсалысты.

«World Cleanup Day» – қоршаған ортаны қоқыстан тазартуға және экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған халықаралық акция. Маңғыстау облысында да бұл бастама аясында тұрғындар, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, еріктілер мен қоғамдық ұйым өкілдері бірлесіп тазалық жұмыстарын жүргізді. Акция қоршаған ортаға ұқыпты қарау және туған өлкенің тазалығын сақтауға бағытталды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАЛЫ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ – АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА ДЕГЕН СЕНІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ БІРІ. БҮГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ СЕРВИСТІК ЖӘНЕ КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН МОДЕЛЬГЕ КӨШІРУ, ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ОСЫ ОРАЙДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН БАҚЫЛАУ, АЗАМАТТАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ, ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ ТОҚТАМЫС ЖҰМАҒҰЛОВПЕН СҰХБАТТАСТЫҚ.

– Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен азаматтардың құқықтарын қорғауға қаншалықты көңіл бөлінуде?

– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінде мемлекеттік аппарат қызметін азаматтардың сұранысына барынша бағдарлау, сервистік әрі клиентке бағытталған мемлекеттік басқару моделін қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында да азаматқа бағдарланған, сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыру міндеті айқындалған.

Бұл ретте мемлекеттік органдар мен қызмет алушылар арасындағы өзара байланысты жетілдіру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау және мемлекеттік қызметтердің сапасын тұрақты арттыру – негізгі міндеттердің бірі.

– Осы бағытта агенттіктің Маңғыстау облысы бойынша департаменті қандай жұмыстар атқарып келеді?

– Департамент мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрақты бақылау жүргізіп, қызмет алушылардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қалпына келтіру бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, 319 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұл нәтижеге департаментке келіп түскен өтініштер негізіндегі жоспардан тыс тексерулер мен сұрау салулар, проактивті қашықтықтан бақылау, сондай-ақ «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы түскен өтініштерді қарау нәтижесінде қол жеткізілді.

– Азаматтардың құқықтары көбіне қай салалардағы мемлекеттік қызметтер бойынша бұзылады?

– Жүргізілген талдау нәтижелері құқықтары қалпына келтірілген қызмет алушылардың басым бөлігі жер қатынастары және сәулет-қала құрылысы салаларындағы мемлекеттік қызметтерге қатысты екенін көрсетті.

Бұл бағыттар азаматтардың күнделікті өмірімен, мүліктік құқықтарымен тікелей байланысты. Сондықтан аталған салалардағы мемлекеттік қызметтердің сапалы, уақытылы әрі заңнама талаптарына сәйкес көрсетілуі ерекше маңызға ие.

– Есептік кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты қанша шағым түсті?

– Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында департаментке мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты 81 шағым келіп түсті.

Оларды қарау нәтижесінде, жоспардан тыс тексерулер жүргізу арқылы 8 қызмет алушының, ал сұрау салу тәртібімен 49 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар департамент тек азаматтардың шағымдары бойынша жұмыс жүргізумен шектелмейді. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алуы ықтимал заңбұзушылықтардың алдын ала анықтау мақсатында проактивті қашықтықтан бақылау жұмыстары да тұрақты жүргізіледі.

– Қашықтықтан бақылаудың тиімділігі қандай?

– Қашықтықтан бақылаудың басты артықшылығы – мемлекеттік қызмет көрсету кезінде орын алуы мүмкін құқықбұзушылықтарды азаматтың шағымын күтпей-ақ анықтауға мүмкіндік беруі.

Есептік кезеңде осы бағыттағы жұмыстар нәтижесінде 95 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан бөлек «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүгінген бір қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді.

Мұндай тетіктер азаматтардың құқықтарын жедел қорғауға, мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтауға және жалпы қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

– Азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілген нақты мысалға тоқталсаңыз.

– Осындай жағдайлардың бірі Ақтау қаласында орын алды. Қала тұрғыны баласын бірінші сыныпқа қабылдау мәселесі бойынша департаментке жүгінді. Азамат жалпы білім беретін мектепке «Құжаттарды қабылдау және балаларды 1-сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша өтініш берген.

Алайда білім беру ұйымы баланы бірінші сыныпқа қабылдаудан бас тартып, бас тартудың нақты себептерін көрсетпеген. Қызмет алушы бұл шешіммен келіспей, департаментке шағымданды. Шағым негізінде мектепке жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде, азаматтың келтірген уәждері расталды.

Тексеру қорытындысы бойынша қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтіріліп, баласы аталған жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбына қабылданды. Бұл – мемлекеттік қызмет алушылардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстың нақты нәтижелерінің бірі.

– Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заң талаптарын бұзған қызметкерлерге қандай шаралар қолданылады?

– Анықталған әрбір бұзушылық бойынша заңнамада көрсетілген тиісті шаралар қабылданады.

Жүргізілген бақылау және талдау жұмыстарының нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету барысында бұзушылықтарға жол берген 45 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Дегенмен біздің мақсатымыз тек жауапты тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тартумен шектелмейді. Ең бастысы – орын алған бұзушылықтардың себептері мен салдарын анықтап, олардың алдағы уақытта қайталануына жол бермеу және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жүйелі түрде арттыру.

– Облыс тұрғындарына қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, азаматтарды мемлекеттік қызмет алу кезінде өз құқықтарын білуге және оларды қорғаудың заңды тетіктерін пайдалануға шақырамын.

Егер мемлекеттік қызмет алу барысында заңнама талаптарының бұзылуына, қызмет көрсетуден негізсіз бас тартуға немесе белгіленген мерзімдердің сақталмауына тап болсаңыз, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне жүгіне аласыз.

Әрбір азаматтың құқығы заңмен қорғалған. Сондықтан мемлекеттік қызмет алу кезінде құқықбұзушылыққа тап болған жағдайда өз құқығыңызды қорғаудың қолданыстағы тетіктерін пайдаланған жөн.

Біздің басты мақсатымыз – азаматтардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және халыққа ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің қолжетімді әрі сапалы болуын қамтамасыз ету.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қарақұдықмұнай» ЖШС келесі жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды:

«2027 жылға арналған «Қарақұдықмұнай» ЖШС үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы», төгінділер нормативтері (НДС), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІШЖ), «Қарақұдық кенорнында 2026 жылғы бағдарлама бойынша ұңғымалардың айдау желілерін өндіруші ұңғымалар қорына ауыстыру», «Қарақұдық кенорнында 2025–2026 жж. бағдарламасы бойынша қолданыстағы өндіруші ұңғымалардың сағаларын тербелмелі станоктарға арнап жайластыру» жобаларына «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімдері.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:

СЕ: 44°51’43», 44°52’20», 44°52’10», 44°49’10», 44°48’13», 44°49’48»;

ШБ: 53°52’30», 53°54’08», 53°59’10», 54°02’50», 53°57’10», 53°53’17».

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 27 қазанда сағат 11:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылы, мәдениет үйінде өтеді.

ZOOM платформасы арқылы бейнеконференц байланыс режимінде қатысу мүмкіндігі қарастырылған:

https://us05web.zoom.us/j/8265037407?pwd=eURXRkQvWE1SYThYcDZ1bkkyRUF6dz09&omn=87525497064

Конференция идентификаторы: 826 503 7407.

Кіру коды: naCm0a.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналысты өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тапсырыс беруші (бастамашы): «Қарақұдықмұнай» ЖШС, Ақтау қ., 3-шағынаудан, 81-ғимарат, тел.: 8 (7292) 51-01-53, БСН: 060440002942.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, Ақтөбе қ., Сәңкібай батыр даңғылы, 74 «В», тел.: 8 (7132) 90-55-66, БСН: 070540000971.

Жобалар бойынша құжаттама «Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» цифрлық жүйесінде — **https://ndbecology.gov.kz/** және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында: **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** орналастырылған.

Қосымша ақпарат алуға және материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: ella.maximchuk@kkm.kz, тел. 8 705 504 20 61.

Жобалық материалдар бойынша ескертулер мен ұсыныстар «Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» цифрлық жүйесінде — https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы бойынша қабылданады: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

№445

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау МҚБ 2026 жылғы 28 қазан сағат 11.00-де «112» МҚС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау «Батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ ғимаратында өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен **https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** сайттарында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар g.tulembet@mangystau.gov.kz электронды мекенжай және **https://ndbecology.gov.kz/** сайт бойынша қабылданады.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме **https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** сайттарында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Ақтау қ., 8-ш/а, 38 «Б» мекенжайы бойынша және 8(7292)479-351,479-331,479-833 телефондары, Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, Karadzhaev-A@kaztransoil.kz электронды мекенжай бойынша алуға болады.

№446

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау МҚБ 2026 жылғы 28 қазан сағат 15.30-да, «Жетібай» МАС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы, «Жетібай» МАС шекті рауалы тастанды нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар Жетібай ауылы, мәдениет үйі, Жаңақұрылыс к., 305 мекенжайы бойынша өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен **https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** сайттарында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар g.tulembet@mangystau.gov.kz электронды мекенжай және **https://ndbecology.gov.kz/** сайт бойынша қабылданады.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме **https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** сайттарында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Ақтау қ., 8-ш/а, 38 «Б» мекенжайы бойынша және 8(7292)479-351,479-331,479-833 телефондары, Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, Karadzhaev-A@kaztransoil.kz электронды мекенжай бойынша алуға болады.

№447

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау МҚБ 2026 жылғы 29 қазан сағат 11.00-де «Солтүстік Бозашы» МАС шекті рауалы шығарынды нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау Түпқараған ауданы, Таушық ауылында Х. Елмұханбетов көшесі, 6-әкімшілік ғимаратында өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен **https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** сайттарында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар g.tulembet@mangystau.gov.kz электронды мекенжай және **https://ndbecology.gov.kz/** сайт бойынша қабылданады.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco** сайттарында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Ақтау қ., 8-ш/а, 38 «Б» мекенжайы бойынша және 8(7292)479-351,479-331,479-833 телефондары, Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, Karadzhaev-A@kaztransoil.kz электронды мекенжай бойынша алуға болады.

№448

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА «МАЭК»ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі, газдың және (немесе) оны тасымалдау бағасының өзгеруіне байланысты жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі, сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезінде атом-энергетикалық кешен пайдаланатын, өзі өндіретін электр энергиясының және судың өзіндік құнының өзгеруіне және статистика деректері бойынша өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жылда қалыптасқан бір жұмыскерге жұмсалатын орташа айлық номиналды жалақының өзгеруіне байланысты «МАЭК» ЖШС-ның суды магистралдық құбыр жолдары арқылы беру, жылу энергиясын өндіру және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтерді және тарифтік сметаларын бекіту өтінімдерін қарау барысында жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау **2026 жылғы 5 қазан сағат 15.00-де** Ақтау қаласы, 1-ш/а, 18/2-ғимараты Маңғыстау облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени-тыныңу жұмыстар орталығы (ДК Дружба) мекенжайы бойынша өтеді.

Сонымен бірге жария тыңдау параллельді түрде онлайн режимде Facebook әлеуметтік желісіндегі департаменттің ресми парақшасында көрсетілетін болады **(https://www.facebook.com/profile.php?id=100051930454400).**

Департамент мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Департаменттің байланыс телефондары:
8(7292) 42-16-20, 43-84-11.

№450

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ
8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында
8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы
MAŃǴYSTAÝ MEDIA

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.

подписка через Kaspi Bank

Газета выходит во вторник и четверг

ОГНИ Мангистау

Издается с июля 1967 года

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ

